

Мектеп директорларына

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі «Мәңгілік ел жастары» қоғамдық қорының 2025 жыл 01 қазандағы №2130 хатын ақпарат үшін жолдайды.

Қосымша: 4 бет тіркеледі.

/ Басшының м.а.

Б.Самылтыров

Орындаған: А.Кариева
87476118932



МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖАСТАРЫ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД "МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖАСТАРЫ"

«Mangilik El Jastary»

050010, Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі 86/47,
офис 329
Тел: 8(775)168-71-35
Email: mangilik.el.jastary@mail.ru

050010, г. Алматы ул. Бөгенбай батыра 86/47,
офис 329
Тел: 8(775)168-71-35
Email: mangilik.el.jastary@mail.ru

№ 2130

01.10.2025

Жамбыл облысы Білім басқармасының басшысы
Оршыбеков Нұрбек Әбубекұлы мұрағат

Құрметті Нұрбек Әбубекұлы!

Ұлт тарихында елдік пен ерліктің, азаттық пен тәуелсіздіктің ұлы жыршысы атанған Махамбет Өтемісұлының шығармашылығы – өскелең ұрпақ үшін қапсарлық пен ор рухтың өнегесі. Ақынның теңдік пен бостандық жолындағы асақ жырлары жас ұрпақты елге сүйіп, халқының болашағы үшін қызмет етуге шақырады.

Осы рухани мұраны кеңінен дәріптеу мақсатында «MANGILIK EL JASTARY» қоғамдық қоры жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында І Республикалық «Ұлы арман» атты Махамбет оқуларын өткізуді жоспарлап отыр.

Байқау 2025 жылғы 1 қазан – 10 қараша аралығында онлайн форматта өткізіліп, қорытындысы 15 қарашаға дейін жарияланады. Іс-шараға 1-11 сынып аралығындағы барлық мектеп оқушылары қатыса алады.

Осы шараға өзінше басқарып отырған Жамбыл облысына қарасты мектептердің ұстаздары мен оқушыларының белсенді қатысуына ықпал етіп, байқау ережесін таныстыруға қолдау көрсетуіңізді сұраймыз.


(Қосымша 3 бет)

Құрметпен,

«Mangilik El Jastary»


қоғамдық қорының төрағасы

орын. Оцен М.С. 8(747) 028-25-56



А.Ә. Әділжан

А.Ә. Әділжан





“МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖАСТАРЫ” ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ”
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД “МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖАСТАРЫ”

мәңгілік Ел жастары

050010, Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі 86/47,
офис 326
Тел: 8(775)168 71 35
E mail: mangilik_el_jastary@mail.ru

050010, г Алматы, ул. Бөгенбай батыра 86/47,
офис 326
Тел: 8(775)168 71 35
E mail: mangilik_el_jastary@mail.ru

**«MÁNGILIK EL JASTARY» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен
өткізілгелі отырған I Республикалық «Ұлы арман» атты Махамбет
оқуларының**

ЕРЕЖЕСІ

• **БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ**
«MÁNGILIK EL JASTARY» қоғамдық қоры

• **БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ**

- Қазақтың дауылпаз ақыны, азаттық жолындағы күрескер тұлға Махамбет Өтемісұлының шығармашылығын өскелең ұрпаққа терең танытып, теңдік үшін жазылған рухы биік өлеңдерін насихаттау.
- Ақынның халыққа өлеңмен ой салып, санасын оятуға ұмтылған жырлары арқылы оқушыларға азаматтық тәрбие беру, ұрпақтар сабақтастығын нығайту.

• **БАЙҚАУДЫҢ ӨТЕТІН УАҚЫТЫ**

- Байқауға жұмыстарды қабылдау (онлайн түрде) **1.10 – 10.11.2025 жыл** аралығында дейін жүргізіледі.
- Қорытындысы **15.11.2025 жылға** дейін электронды мекен-жайға жолданады.

• **БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР**

- Елі мен жерін асыл қазынасындай көретін, шығармашылық қабілеті жоғары деңгейдегі республикамыздың барлық мектептерінің оқушылары.
-

Қатысушылар жас ерекшеліктеріне қарай үш топқа (3 топқа) бөлінеді.

I. кіші топ 1 – 4 сынып оқушылары;

II. орта топ 5 – 7 сынып оқушылары;

III. үлкен топ 8 – 11 сынып оқушылары;

• БАЙҚАУДЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Байқау ЕКІ аталымнан тұрады:

1. «Тартынбай сойлер асылмын» - акынның кез келген өлеңін жатқа оқып, өзін таныстырып, әуесқой бейнетаспа (ұялы телефон арқылы болады) мен қатысушы анкетасын (Қосымша 1), +7 777 465 25 94 номеріне WhatsApp арқылы жолдайды.

БЕЙНЕТАСПАҒА ТҮСІРУ КЕЗІНДЕ ЕСКЕРУ ҚАЖЕТ:

- ✓ Музыкалық сүйемелдеу (музыкалық фон) қоюға және видеоға монтаж жасауға болады;
- ✓ Қатысушының дауысы, яғни мәнерлеп оқуының жеткілікті дәрежеде естілуі;
- ✓ Бейнероликтің сапалы және эстетикалық талаптарға сай болуы.

2. «Шашақты найза, шалқар күй...» - акынның кез келген өлең жырын негізге ала отырып шығармашылық жұмысын (ән, күй, эссе, сурет, қолөнер, өлең шығару) және анкетасын толтырып (Қосымша 1) +7 777 465 25 94 номеріне WhatsApp арқылы жолдайды.

ЕСКЕРТУ:

- ✓ Ғаламтордан, түрлі оқулықтар мен газет-журналдардан көшірілген жұмыстар қабылданбайды;
- ✓ Өлеңдердің көлемі 10 шумақтан аспауы керек;
- ✓ Салынған суреттер сапалы әрі көркем болуы қажет.

ЖҰМЫСТАРДЫ АРНАЙЫ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН БІЛІКТІЛІГІ ЖОҒАРЫ МАМАНДАР ҚАРАЙДЫ.

• БАЙҚАУДЫҢ МАРАПАТТАУЫ

- ❖ Жұмыстары іріктеуден өткен қатысушылардың барлығына «MÁNGILIK EL JASTARY» қоғамдық қорының арнайы I, II, III орын дәрежесіндегі ДИПЛОМ.
- ❖ 10 шәкірт дайындап қатыстырған жетекшілерге «ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ» ұсынылады.
- ❖ Үздік деп танылған дарынды оқушыларға Алматы қаласында өтетін I республикалық «Ұлы арман» Махамбет оқуларының марапаттау кешіне шақырту жіберіледі.
- ❖ Марапаттау кешіне қатысушы оқушыларға арнайы ДИПЛОМ мен бағалы сыйлықтар табысталаып, жетекшілеріне ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ беріледі.
- ❖ Марапаттау кешіне қатысушы оқушылар мен жетекшілеріне Алматы қаласындағы танымдық жерлерге (музей, театр) саяхаттау ұйымдастырылады.

- **БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ**

Қатысушыларды іріктеу 2025 жылдың 10 қарашаға дейін жүргізіледі. Байқау қорытындысы 15 қарашаға дейін арнайы сілтеме арқылы жіберіледі;

Байқауға жұмыстарды жолдау тегін!

Толық ақпарат алу үшін:
+7 777 465 25 94
Instagram: mangilik.el.jastary

Қосымша I

Анкета толтыру үлгісі

Қатысушының аты-жөні	
Сыныбы (тобы)	
Мекен-жайы, (облыс, қала, аудан, ауыл)	
Жетекшінің аты-жөні	
Электронды мекен-жайы	
Байланыс номері (WhatsApp)	

Ескерту! Өтініштің қате толтырылғандығы үшін ұйымдастырушылар жауап бермейді. Қатысушы мен жетекшінің аты-жөні қатесіз (жеке куәлікте көрсетілгендей) жіберілуі керек. Марапаттар өтініште көрсетілген электронды мекен-жайға жіберіледі.